

«Адал азамат – жарқын болашақ»

Мақсаты:

Оқу жылы бойы тәрбиеленушілердің бойында қалыптасқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қорытындылау, балалардың жетістіктерін бағалау және «Адал азамат» тұлғасының қасиеттерін нығайту.

Міндеттері:

- оқу жылы бойы жүргізілген тәрбие жұмыстарының нәтижесін қорытындылау;
- балалардың шығармашылық, танымдық және қоғамдық белсенділігін бағалап, жетістіктерін марапаттау;
- адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, отансүйгіштік, мейірімділік және бірлік сияқты құндылықтарды бекіту;
- балалардың өз жетістіктеріне мақтаныш сезімін қалыптастыру және алдағы уақытта да жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге ынталандыру;
- ата-аналар мен педагогтердің бірлескен еңбегінің нәтижесін көрсету.

Іс-шара оқу жылы барысында жүзеге асырылған «Адал азамат» бағдарламасының қорытынды мерекесі ретінде ұйымдастырылады. Балалар жыл бойы меңгерген құндылықтарды ән, би, өлең, сахналық көріністер және шығармашылық жұмыстар арқылы көпшілікке таныстырады. Сонымен қатар балалардың суреттері, қолөнер бұйымдары мен жобаларынан көрме ұйымдастырылып, олардың шығармашылық жетістіктері көрсетіледі. Мерекелік бағдарлама барысында оқу жылы ішінде белсенділік танытқан тәрбиеленушілер мен ата-аналар Алғыс хаттармен, дипломдармен және мадақтамалармен марапатталады. Іс-шара балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін, еңбекқорлығын, адалдығын, жауапкершілігін, бірлік пен достыққа деген құрметін нығайтып, «Адал азамат – жарқын болашақтың кепілі» екендігі туралы қорытынды оймен аяқталады. Сонымен қатар педагогтер мен ата-аналарға оқу жылы бойындағы ынтымақтастығы үшін алғыс білдіріліп, балаларға жаңа жетістіктер мен жарқын болашаққа сенім тіленеді.

